

ҒТАХА 16.01.11

<https://doi.org/10.62724/202610205>

Каленбекова Арайлым Ерланқызы*¹

Педагогика ғылымдарының магистранты, Мемлекеттік тілді дамыту институты,
Алматы, Қазақстан, kalembekova2001@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-0155-1318

КӨПТІЛДІ ОРТАДАҒЫ МОНОТІЛДІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАСЫ

Аңдатпа. Көптілді қалалық ортада өсіп келе жатқан қазақтілді балалардың ана тіліндегі ұлттық-мәдени атауларды меңгеруі – олардың тілдік дамуы мен мәдени бірегейлігін сақтауы үшін маңызды шарт. Мақаланың мақсаты – көптілді қала жағдайында тәрбиеленіп отырған монотілді қазақ балаларының тілдік дамуына ықпал ететін ұлттық-мәдени атаулардың (этнолексиканың) семантикалық табиғатын, танымдық және тәрбиелік қызметін анықтау. Сонымен қатар этнолексиканың бала танымы мен санасында толық қалыптасуы үшін оны сабақ барысында тиімді меңгерудің әдіс-тәсілдері ұсынылады. Мақала мазмұны көптілді қоғам жағдайында ұлттық құндылықтарды тіл арқылы сіңірудің маңызын айқындайды.

Зерттеу барысында семантикалық, ассоциативтік және прагматикалық талдау әдістері қолданылды. Талдау нысаны ретінде ақ үй, қара қазан, ерулік, тоқымқағар, бәсіре, байғазы, итқұйрық этнолексемалары алынды. Семантикалық талдау бұл атаулардың көпқабатты ұлттық-мәдени мазмұнға ие екенін көрсетті. Ассоциативтік талдау барысында балалардың санасында аталған сөздермен байланысты байырғы ұғымдар мен оң мәдени бейнелер қалыптасатыны анықталды. Прагматикалық талдау осы этнолексемалардың тілдік қарым-қатынаста тәрбиелік міндет атқаратынын, яғни ұлттық құндылықтар мен мәдени кодты күнделікті өмір тәжірибесі арқылы бала санасына сіңіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Алынған нәтижелер қазақ тілін оқыту, этнопедагогика және лингвомәдениеттану салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми құндылығы – этнолексиканың көптілді ортадағы балалардың ұлттық-мәдени танымын қалыптастырудағы рөлін онтолингвистика, этнолингвистика және психоллингвистика тұрғысынан кешенді қарастыруында. Этнолексиканы оқу үдерісінде тиімді меңгерудің әдіс-тәсілдері ұсынылды. Мақала онтолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопедагогика және психоллингвистика салалары бойынша теориялық әрі әдістемелік тұрғыдан маңызды үлес қосады. Зерттеу нәтижелері этнолексиканың көптілділік жағдайында ұлттық-мәдени иммунитет қалыптастыратынын дәлелдейді. Бұл қорытынды көптілді қоғамда өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін білім беру үдерісінде этнолексиканы жүйелі қолданудың маңыздылығын айғақтайды.

Көптілді қалалық ортада өсіп келе жатқан қазақтілді балалардың ана тіліндегі ұлттық-мәдени атауларды меңгеруі олардың тілдік дамуы мен мәдени бірегейлігін сақтауда маңызды орын алады.

Кілт сөздер. Этнолексика, ұлттық-мәдени атаулар, монотілді бала, көптілді орта, лингвомәдени код, тілдік тұлға.

Каленбекова Арайлым Ерланқызы*¹

Магистрант педагогических наук, Институт развития государственного языка, Алматы,
Казахстан, kalembekova2001@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-0155-1318

ЛИНГВИСТИКА МОНОЯЗЫЧНЫХ КАЗАХСКИХ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ МНОГОЯЗЫЧНОЙ СРЕДЫ

Аннотация. В условиях многоязычной городской среды овладение казахоязычными детьми национально-культурными номинациями родного языка является важным условием их языкового развития и сохранения культурной идентичности. Цель статьи – определить семантическую природу, когнитивную и воспитательную функцию национально-культурных номинаций (этнолексики), влияющих на языковое развитие моноязычных казахских детей, воспитывающихся в условиях многоязычного города. Кроме того, предлагаются методы и приемы эффективного усвоения этнолексики в учебном процессе, способствующие полноценному формированию данных понятий в сознании и познавательной сфере ребенка. Содержание статьи раскрывает значение усвоения национальных ценностей через язык в условиях многоязычного общества.

В ходе исследования были использованы методы семантического, ассоциативного и прагматического анализа. В качестве объекта анализа были выбраны следующие этнолексемы: ақ үй, қара қазан, ерулік, тоқымқағар, бәсіре, байғазы, итқұйрық. Семантический анализ показал, что данные номинации обладают многослойным национально-культурным содержанием. Ассоциативный анализ выявил, что в сознании детей указанные слова формируют устойчивые традиционные представления и положительные культурные образы. Прагматический анализ показал, что данные этнолексемы выполняют воспитательную функцию в речевой коммуникации, позволяя передавать национальные ценности и культурный код ребенку через повседневную жизненную практику. Полученные результаты могут быть использованы в преподавании казахского языка, а также в области этнопедагогике и лингвокультурологии. Научная ценность исследования заключается в комплексном рассмотрении роли этнолексики в формировании национально-культурного сознания детей в условиях многоязычной среды с позиций онтолингвистики, этнолингвистики и психоллингвистики. Предложены эффективные методы усвоения этнолексики в образовательном процессе. Статья вносит теоретический и методический вклад в развитие онтолингвистики, этнолингвистики, лингвокультурологии, этнопедагогике и психоллингвистики. Результаты исследования подтверждают, что этнолексика в условиях многоязычия способствует формированию национально-культурного иммунитета. Данный вывод свидетельствует о важности систематического использования этнолексики в образовательном процессе для передачи национальных ценностей подрастающему поколению в условиях многоязычного общества.

Таким образом, овладение казахоязычными детьми национально-культурными номинациями родного языка в многоязычной городской среде занимает важное место в сохранении их языкового развития и культурной идентичности.

Ключевые слова. Этнолексика, национально-культурные наименования, моноязычный ребенок, многоязычная среда, лингвокультурный код, языковая личность.

Kalembekova Arailym Erlanqyzy^{*1}

Master's student in Pedagogical Sciences, Institute for the Development of the State
Language, Almaty, Kazakhstan, kalembekova2001@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0009-0155-1318

THE LINGUISTICS OF MONOLINGUAL KAZAKH CHILDREN IN A MULTILINGUAL ENVIRONMENT

Abstract. In a multilingual urban environment, the acquisition of national-cultural nominations of the native language by Kazakh-speaking children is an important condition for their linguistic development and the preservation of cultural identity. The purpose of this article is to determine the semantic nature as well as the cognitive and educational functions of national-cultural nominations (ethno-lexical units) that influence the linguistic development of monolingual Kazakh children growing up in a multilingual city. In addition, the study proposes methods and techniques for the effective acquisition of ethno-lexical vocabulary in the educational process, facilitating the full formation of these concepts in the child's consciousness and cognitive sphere. The article also highlights the significance of internalizing national values through language within a multilingual society.

The study employed semantic, associative, and pragmatic analysis. The following ethno-lexemes were selected as objects of analysis: *aq üi*, *qara qazan*, *erulik*, *toqymqağar*, *bäsire*, *bayğazy*, and *itquyryq*. The semantic analysis demonstrated that these nominations contain multilayered national-cultural meanings. The associative analysis revealed that these words form stable traditional representations and positive cultural images in children's minds. The pragmatic analysis showed that these ethno-lexemes perform an educational function in speech communication, enabling the transmission of national values and cultural codes to children through everyday life practices.

The results obtained can be applied in the teaching of the Kazakh language, as well as in ethnopedagogy and linguoculturology. The scientific significance of the research lies in the comprehensive examination of the role of ethno-lexical units in shaping children's national-cultural consciousness in a multilingual environment from the perspectives of ontolinguistics, ethnolinguistics, and psycholinguistics. Effective methods for teaching ethno-lexical vocabulary within the educational process are proposed.

The findings confirm that ethno-lexical vocabulary fosters national-cultural resilience in multilingual contexts; therefore, its systematic use in education is essential for transmitting national values to younger generations.

Key words. Ethnolexis, national and cultural lexical units, monolingual child, multilingual environment, linguocultural code, linguistic personality.

Кіріспе. Тіл тек қарым-қатынас пен танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, ұлттың өткенін таңбалап, қазіргі болмысынан хабар беретін және келешек даму бағдарын айқындайтын ұлттық-мәдени код. Әсіресе, тілдегі ұлттық-мәдени атаулар (этнолексика) – халықтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымының айнасы іспетті. Этнолексика белгілі бір этностың өмір салты, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері туралы ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан этнолексиканы зерделеу арқылы сол ұлттың мәдени кодын және оның сақталу деңгейін анықтауға болады. Зерттеу нысаны – көптілді ортада өмір сүретін, бірақ бір ғана ана тілінде сөйлейтін (монотілді) қазақ балаларының сөздік қорындағы ұлттық-мәдени атаулар. Зерттеу мақсаты – этнолексиканың баланың сөздік қорын байытудағы, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы және мәдени кодты сақтаудағы қызметін айқындау. Зерттеу барысында кешенді лингвистикалық және педагогикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, семантикалық талдау әдісі арқылы этнолексемалардың мағыналық құрылымы мен ұлттық-мәдени мазмұны айқындалды. Ассоциативтік талдау балалардың этнолексемаларға қатысты санасында қалыптасатын ұғымдар мен мәдени

бейнелерді анықтауға мүмкіндік берді. Прагматикалық талдау ұлттық-мәдени атаулардың тілдік қарым-қатынастағы тәрбиелік қызметін, яғни олардың бала санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудегі рөлін сипаттауға бағытталды. Сонымен қатар зерттеуде сипаттамалы әдіс, салыстырмалы талдау, бақылау және оқу үдерісін талдау тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер этнолексиканы сабақ барысында меңгерудің тиімді жолдарын көрсетуге және оны білім беру тәжірибесінде қолданудың маңызын айқындауға мүмкіндік берді.

Монолингвал қазақ балалары (бір ғана қазақ тілінде сөйлейтін) үшін этнолексиканы меңгеру – ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізі. Қазіргі жаһандану мен урбанизация жағдайында, көптілді қалалық ортада өсіп келе жатқан балалардың тілдік тәжірибесінде этнолексиканың үлесі азайып, өзге тілдік немесе бейтарап атаулардың белсенді қолданылуы байқалады. Бұл құбылыс бала санасында ұлттық мәдени кодтың әлсіреуіне ықпал ететіндіктен, бастауыш жаста этнолексиканы жүйелі түрде таныту маңызды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1] деген тұжырымымен тілдің, соның ішінде этномәдени бірліктердің ұлт болмысын сақтаудағы шешуші рөлін дәл көрсетеді. Өйткені этномәдени бірліктер – белгілі бір ұлттың төл тілінің негізінде қалыптасқан, сол ұлттың материалдық және рухани мәдениетін, дүниетанымы мен өмір салтын бейнелейтін атаулар жүйесі.

Қазіргі жаһандану заманында урбанистік көптілді ортада өсіп келе жатқан балалардың ұлттық мәдениетімен таныстығы шектеулі болуы мүмкін. Қазақ халқының тарихында қалыптасқан көптеген **тарихи-мәдени этнолексемалар** бүгінгі күнде сирек қолданылғанымен, олардың мазмұнында терсең тәрбиелік мән жатыр. Мұндай этнолексемалар, белгілі бір дәстүрлердің, тұрмыс заттарының не ұғымдардың атаулары – жас ұрпақтың тілдік қорын байытып қана қоймай, олардың сана-сезіміне ұлттық құндылықтарды сіңіруге қызмет етеді. Сондықтан қаладағы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дамуына осындай лексемаларды енгізу – өзекті мәселе.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу материалдары ретінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін бейнелейтін этнолексикалық бірліктер алынды. Нақты талдау нысаны негізінде қазақтың тұрмыс-салт дәстүрімен байланысты *ақ үй, қара қазан, ерулік, тоқымқазар, бәсіре, байғазы, итқұйрық* сияқты ұлттық-мәдени атаулар таңдалды. Бұл лексемалар қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыптасқан этномәдени ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктер.

Зерттеу материалдарының дереккөздері ретінде қазақ тіл біліміндегі және жалпы тілтаным саласындағы іргелі ғылыми еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлының «Алты томдық шығармалар жинағы» (2013), Ф. де Соссюрдің «Курс общей лингвистики» (2004), Э. Сепирдің «Избранные труды по языкознанию и культурологии» (1993), В. фон Гумбольдттың «Язык и философия культуры» (1985), Л. Вайсгербердің «Родной язык и формирование духа» (2004) еңбектері тілдің қоғаммен, мәдениетпен және таныммен байланысын түсіндіретін теориялық негізді құрайды. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика және лингвомәдениеттану бағытындағы Ә. Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» (2006), Е. Жанпейісовтің «Этнолингвистикалық зерттеулер» (2001), Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» (1997), Н. Уәлидің «Таным мен тағылым», Ж. Манкееваның «Қазақ мәдениеті тілдік кеңістікте», Қ. Қ. Сейсенованың «Қазақ тіліндегі этнолингвистикалық атаулар: семантика және прагматика» атты еңбектері пайдаланылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. XX ғасырдың басынан бастап тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың болмысын, дүниетанымын, тарихи-мәдени тәжірибесін бейнелейтін күрделі әлеуметтік-рухани құбылыс екені тіл білімінде

айқындала түсті. Бұл ұстанымның қалыптасуына тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет арақатынасын жаңаша пайымдаған бірқатар ғалымдардың еңбектері негіз болды. Атап айтқанда, Фердинанд де Соссюр тіл мен қоғамның өзара ықпалдастығын көрсетіп, халықтың салт-дәстүрі мен мәдени тәжірибесі тілде көрініс табатынын, ал тіл өз кезегінде сол халықтың өзін қалыптастыратынын атап өтеді [2]. Бұл тұжырым тілдік құбылысты тек құрылымдық жүйе ретінде емес, тілден тыс әлеуметтік-мәдени факторлармен бірлікте зерттеу қажеттігін көрсетті. Тілдің ұлт танымын қалыптастырудағы рөлі Эдвард Сепир мен Бенджамин Ли Уорф еңбектерінде одан әрі тереңдетілді. Сепир–Уорф тұжырымдамасы бойынша, тіл – шындықты танудың құралы ғана емес, сол шындықты құрылымдайтын, дүниені қабылдау тәсілін айқындайтын фактор [3]. Демек, әр ұлттың тілдік жүйесінде оның өмір салты мен мәдени тәжірибесінің іздері сақталады. Тілдің рухани және этникалық мазмұны жөніндегі идея Вильгельм фон Гумбольд еңбектерінде айрықша көрініс тапты. Ғалым тіл мен халық рухының тұтастығын негіздей отырып, ұлттық мәдениеттің ізі тілдің ішкі формасында сақталатынын дәлелдейді [4]. Бұл идеяны жалғастырған Лео Вайсгербер тілдің этникалық мазмұны бар екенін көрсетіп, адамның рухани дамуы ана тілі арқылы жүзеге асатынын, ал тілдегі ұлттық құндылықтар тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратынын тұжырымдайды [5]. Антропоцентристік бағыттағы бұл көзқарастар тілдің адам санасында, индивид психикасында ғана өмір сүріп, қызмет ететінін дәлелдеген Иван Бодуэн де Куртенэ еңбектерімен сабақтасады. Осы бағыттағы зерттеулер тілдің адаммен, этноспен, мәдени ортамен бірлікте қарастырылуына жол ашты. Аталған теориялық тұжырымдардың негізінде этнолингвистика ғылымы қалыптасты. Этнолингвистика тіл мен мәдениеттің тоғысында пайда болған, этностың дүниетанымы мен құндылықтарын тілдік деректер арқылы тануды мақсат ететін ғылым саласы ретінде айқындалды. Бұл бағытта дәстүрлі құрылымдық лингвистикада архаизм, көне сөз ретінде сипатталған бірліктер этностың материалдық және рухани мәдениетін бейнелейтін атаулар ретінде этномәдени лексика ұғымымен жүйелене бастады.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық бағыттың қалыптасуы мен дамуы ұлттық тілдің мәдени-танымдық қызметін терең пайымдаумен тікелей байланысты. Бұл бағытта тіл тек қатынас құралы ретінде емес, этностың дүниетанымын, тарихи жады мен рухани құндылықтарын сақтаушы күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Қазақ этнолингвистикасының ғылыми негізін салған ғалымдардың бірі – Әбдуәли Қайдар. Ғалым этнолингвистиканы «этностың болмысын, дүниетанымын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын тіл деректері арқылы тануды мақсат ететін ғылым саласы» деп анықтай отырып, тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлігін баса көрсетеді [6]. Оның пайымдауынша, этностың бүкіл өмір тәжірибесі, рухани және материалдық мәдениеті тілде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізіледі.

Этномәдени мазмұнды тілдік бірліктердің ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін Е.Жанпейісов еңбектерінен де көруге болады. Ғалым тілдегі этнографиялық атауларды халықтың тарихи-мәдени тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастырып, оларды зерттеу арқылы этностың өмір салты мен таным ерекшеліктерін айқындауға болатынын дәлелдейді. Оның пікірінше, этномәдени лексика – белгілі бір кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік қатынастарын бейнелейтін маңызды дереккөз [7].

Тіл мен ұлттық танымның сабақтастығын Рәбиға Сыздық та өз зерттеулерінде жан-жақты талдайды. Ғалым ұлттық тілдің тарихи дамуын, көркем мәтіндер мен ауыз әдебиеті үлгілерін саралау арқылы тілдің мәдени жадты сақтаушы қызметін айқындайды. Р.Сыздықтың пайымдауынша, тілдегі көне және этномәдени бірліктер халықтың рухани тәжірибесін сақтайтын мәдени код қызметін атқарады, сондықтан оларды жүйелі түрде зерттеу ұлттық сананы жаңғыртудың маңызды тетігі болып

табылады [8]. Сондай-ақ Нұргелді Уәли еңбектерінде этномәдени бірліктер тілдік сана мен прагматикалық қолданыс тұрғысынан қарастырылады. Ғалым тілдік бірліктердің мағынасы тек сөздік анықтамамен шектелмей, оның артында тұрған мәдени ақпаратпен, ұлттық ассоциациялармен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, этномәдени атаулар тілдік санада жинақталған мәдени білімнің көрінісі ретінде танылады. Қазақ этнолингвистикасында А. Салқынбай мен Б.Қалиев еңбектері де этномәдени лексиканың сөздік қорды қалыптастырудағы рөліне назар аударады. Ғалымдар этномәдени атаулардың лексикографиялануы ұлттық тіл қорының толыққанды сақталуына, мәдени-тарихи ақпараттың жүйеленуіне мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

Осылайша қазақ ғалымдарының тұжырымдары тілдің этномәдени қызметін айқындай отырып, этнолингвистиканың негізгі нысаны – этномәдени бірліктер екенін нақтылайды. Этномәдени лексика ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін құрайтын өзек ретінде халықтың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын тұтастықта сақтайды. Сондықтан этномәдени бірліктерді зерттеу, жүйелеу және лексикографиялау – ұлттық тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін, ұлттың мәдени тұтастығын сақтауға бағытталған маңызды ғылыми міндет болып саналады.

Этнолексемалар – халықтың тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін ерекше сөздер мен ұғымдар. Олар ұлттық дүниетанымның айнасы ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің құралы да. Зерттеушілердің пайымдауынша, ата-баба дәстүрі – адамның ақыл-ойы мен адамгершілігінің негізі. Ендеше, бастауыш мектеп жасындағы балалардың тілдік ортасында кездесетін кейбір тарихи-мәдени этнолексемаларды талдап көрелік. Әрбір этнолексеманың семантикалық өрісін (мағыналық кеңістігін), ассоциативті мағынасын (байланысты ұғымдарын) және прагматикалық рөлін (қолдану орны мен тәрбиелік қызметін) бірізді құрылымда сипатталады.

Ақ үй – дәстүрлі қазақ киіз үйінің кең таралған түрі, ақбоз түсті киізбен жабылатын жетілдірілген үлгісі. Киіз үйдің қаңқасы (кереге, уық, шаңырақ, есік) құрастырмалы, ал ақ киіз ақ бор қосып ағартылған. Мұндай үйдің биіктігі, кереге саны, уық саны сияқты параметрлері дәстүрлі үйлесімде жасалады. Яғни, семантикалық тұрғыда «ақ үй» ұғымы – «киіз үй (ақ киізбен жабылған)» деген негізгі мағынаны білдіреді. Сонымен бірге оның «кендір баулы төр үй», «үлкен сыйлы үй», «сыйлы орын» деген мағыналық тармақтары да бар [9]. Қазақ түсінігінде ақ түс – қасиеттілік пен берекенің символы. Сол себепті киіз үйдің сыртын ақпен жабу молшылық пен сәттіліктің белгісі деп қабылданған «Ақ үй» ұғымы байлық, мәртебе, қонақжайлық сияқты түсініктермен астасады. Дәстүрлі ортада үй иесі аса құрметті қонақты дәл осындай ақ үйде қабылдайтын. Сондықтан ақ үй дегенде ассоциативті түрде қонақ күтетін кең сарай, береке орнаған шаңырақ, ақ ниет пен амандық белгісі сияқты ұғымдар еске түседі.

Ақ үйдің практикалық қолданысы – қадірлі мейманды түсіріп, сый-сыяпат көрсету. Мұндай үйді жолаушыға арнайы тігіп берген немесе ұзатылатын қызына отау етіп құрған. Осы арқылы бала санасына қонақжайлық, құрмет, жомарттық сияқты қасиеттер дарытылған. Балалар ата-әжесінен “ақ үйге кірген қонаққа төрден орын беру керек” дегенді естіп өсіп, үлкенге құрмет ету дәстүрін үйренген. Қазіргі таңда «ақ отау көтеру» тіркесі үйленуге байланысты айтылып, жас жұбайларға ақ тілекті білдіреді. Бұл да жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, отбасын қасиетті шаңырақ санауға тәрбиелейді.

Осы этнолексеманың оқушылар санасында сақталуы үшін, мынандай әдіс-тәсілдерді қолданған жөн:

1) *Ассоциативтік жаттығу*. Тақтаға немесе үлкен қағазға «Ақ үй» сөзін жазып, оқушылардан осы сөзді естігенде ойларына қандай сөздер мен сезімдер келетінін

сұрау. Мысалы, олар «ақ түс», «киіз үй», «қонақ», «той», «төр» сияқты сөздерді атауы мүмкін. Мұғалім оқушылардың жауаптарын кластер ретінде айналасына жазып, ақ үй ұғымының ассоциациялық картасын жасайды. Бұл жаттығу арқылы оқушылар ақ үйдің қазақ танымында қасиетті орын екенін, байлық, мәртебе, қонақжайлық ұғымдарымен астасып жатқанын түсіне алады.

2) *INSERT әдісі*. Оқушылардың түсінуін тереңдету үшін ақ үй туралы шағын ақпараттық мәтін беріледі (мысалы, оқулықтан немесе мұғалімнің құрастырған мәтіні). Мәтінді оқу барысында INSERT әдісін қолдану ұсынылады: оқушылар мәтіндегі өзі бұрыннан білетін мәліметтің жанына «√», жаңа ақпараттың қасына «+», толық түсінбеген жерге «?» белгісін қойып отырып оқиды. Мысалы, олар мәтінде «Ақ үй – қонақ қабылдайтын киіз үй түрі» дегенді көрсе, бұрын білсе «√» қояды, ал «ақ үйдің биіктігі 135 см болады» деген жаңа дерекке «+» қояды. Оқып болған соң белгілер бойынша талқылау отеді: балалар қандай мәліметті алғаш рет естігенін, қай тұсы түсініксіз болғанын айтады. Мұндай тәсіл мәтінмен жұмысты жақсартып, оқушының санасында «ақ үй» туралы ақпаратты сіңіреді.

Қара қазан – қазақ дүниетанымында қасиетті ұғым. Халық қазанды жай ғана тұрмыстық ыдыс емес, киелі ыдыс деп қастерлеген, сол себепті оны атағанда міндетті түрде «қара қазан» деп ерекше атап айтқан. Мұнда «қара» сөзі заттың түсіне байланысты емес, қасиетті, берекелі, киелі деген ұғымды білдіреді. Қазан – отбасының тоқшылық нышаны, үй тіршілігінің өзегі. Қазақта «*қара қазан, сары баланың қамы*» деген тіркес бар, ол отбасын асырау, үрім-бұтақтың қамын жеу деген мағынада халқымыздың дүниетанымының өзек мәніне айналған. Шынында, қазан-ошақ – *отбасы, шаңырақ* ұғымдарының символы. Үйдің ошағында от жағып, қазан қайнамаған болса, ол үйді «үй емес» деп санаған халық түсінігі осыған дәлел [10]. «Қара қазан» көбіне әулеттегі үлкендердің – қара шаңырақ иесінің еншісіндегі мүлік болып, оны ұрпақтан-ұрпаққа табыстаған. Қазанды біреуге беру – құт-берекені қолдан шығару деп есептелгендіктен, қазақ қазанын бөтенге сыйламаған, қатты қажет болғанда да қазанын сатпаған: «*Қазанынан айырылса, құт кетеді, ырыс қашады*» деген наным болған.

«Қара қазан» атауын үйрету арқылы балаларға отбасының, үй ошағының қадірі туралы түсінік бере аламыз. Қазан – *ырыс пен берекенің қайнары*, үйлесім мен бірліктің белгісі. Бала «қара қазан» ұғымын танып өссе, өз шаңырағының тұтастығын, анасының дастарқанының молшылық мәнін түсіне бастайды. Отбасындағы тіршіліктің өзегі қазан екендігі, ата-әжелеріміздің қазанға тағзым етіп қарағаны туралы әңгімелеу арқылы балаға отбасы құндылығы мен қасиетті құндылықтарды құрметтеу сезімін сіңіруге болады.

Сабақ барысында бұл лексеманы баланың санасына толыққанды сіңіру үшін көрнекі материал әкеліп таныстырған жөн. Сабаққа шынайы зат немесе сурет ретінде қара қазан пайдалануға болады. Мүмкіндік болса, сыныпқа шағын шойын қазан әкеліп көрсету тиімді: балалар оны қолмен ұстап көріп, ауырлығын, материалының қандай екенін сезінеді. Интербелсенді тақтадан қазанда ас пісіріп жатқан адамдардың қысқаша видеосын көрсетуге болады (мысалы, Наурыз көжені қазанға қалай даярлайтынын). Сонымен бірге, тайқазан туралы деректі (Түркістандағы тайқазан) фотосуреттер арқылы таныстырып, қазақ мәдениетіндегі қазанның орнына тоқталуға болады. Көрнекілік балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, есте сақтау қабілетін де күшейтеді.

Ерулік – жаңа қоныстанған көршіні қонаққа шақырып, дастарқанға шақыру дәстүрі. Семантикалық тұрғыда бұл сөз «жол жүріп келген адамға берілетін қонақасы» дегенді білдіреді. Ерулік беру – жолаушылап, көшіп келген үйді өз ортасына тартудың рәсімі. Бұл дәстүрде соғымнан сақталған қазы-қарта, жал-жая сияқты кәделі мүшелер асылады немесе арнайы мал сойылады. Яғни «еру» сөзі уақытша аялдау деген мағынада,

одан шыққан «ерулік» – сол аялдама кезінде көршілердің көрсететін көмегі. Яғни, ерулік ас – мол әрі дәмді, арнайы дайындалған қонақасы деген ұғымды қамтиды. Балалар ерулікте айтылатын «қонысың құтты болсын», «түтінің түзу шықсын» деген тілектерді естіп, өзгенің қуанышына ортақтаса білуге үйренеді. Қазіргі заманда ерулік ұмытылып бара жатса да, оның идеясын мектептегі іс-шараларда, көршімен қарым-қатынаста жаңғырту – өскелең ұрпаққа татулық пен сыйластықты сіңіруге септігін тигізеді.

Оқушы бұл лексеманы толық түсінуі үшін «рөлдік ойын» әдісін қолданса, тез есінде сақталады. Мәселен, «Жаңа көршіге ерулік» көрінісін сахналау. Бір оқушы (немесе бір топ) жаңадан қоныс аударып келген отбасының мүшесі болады, ал көрші рөлін мұғалім немесе тағы бір топ оқушылар ойнайды. Сценарий бойынша көрші бала «Ата-әжем сіздерді ерулікке шақырып жатыр» деп келеді. Жаңа көршілер қуанып, «Рақмет, барамыз» дейді. Көрші үйде қонақтарды қалай қарсы алатынын көрсетеді: үлкендер амандасып, ас ұсынады, балалар бірге ойнайды. Рөлдік ойын барысында «ерулікке шақыру», «қонақ күту» сөз тіркестері қолданылады. Оқушылар осы көріністі ойнау арқылы ерулік дәстүрін іс жүзінде елестетіп, сөйлеуде қолдануға жаттығады. Кейін мұғалім: «Ерулік беру не үшін қажет деп ойлайсыңдар?» деп сұрап, балалардың түсінгенін пысықтайды.

Тоқымқағар – алыс сапарға аттанар алдында жасалатын дәстүрлі басқосу. Бұл ғұрып көбіне жасөспірім алғаш үйден жырақ ұзақ жолға шыққанда немесе үй иесінің өзі алыс сапарға аттанарда атқарылған. Дәстүр бойынша, сапарға шығатын адам ағайын-туысын, көрші-жолдасын қонаққа шақырып, мол дастарқан жаяды. Арнайы мал сойылып, ет асылады, ойын-сауық құрылады, бата беріледі. Жиналған жұрт *«Жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін»* деп тілек айтып, жүретін адамға ақ жол тілейді. Семантикалық тұрғыда бұл атау екі түрлі жағдайды қамтиды: бірі – үйінен ұзақ уақытқа кеткелі тұрған жолаушыға арналатын қоштасу жиыны, екіншісі – баланың тұңғыш рет өз бетінше ұзақ жол жүруін атап өтетін той. Дәстүр бойынша, тоқымқағарға арнайы мал сойылып, кең дастарқан жайылады, ауыл-аймақ жиналып ән-жырмен, бата-тілекпен аттандыру рәсімі жасалады [11]. Сөздің төркіні “тоқым қағу”, яғни “ер-тоқым қағып, жолға шығуға дайын болу” дегеннен туындаған. Демек, тоқымқағар ұғымы – алғашқы сапардың қуанышы деген мағыналық кеңістікке ие [12].

Тоқымқағардың тәрбиелік қызметі көп қырлы. Бұл дәстүр бір жағынан батырлық пен жігерге баулиды: балаға азамат атандың деп, жауапкершілік жүктейді. Екінші жағынан, қауымдастық қолдауды сездіреді – үлкендер ақ батасын беріп, жол жүруге қажетті жабдықтарын сыйлайды, аттың жал-құйрығын шарт түйіп, аман кел деп ырымдайды. Балалар тоқымқағарға қатыса жүріп, үлкендердің өнегесін көреді: сапарға шыққанды құрметтеу, оралуын тілеп отыру сияқты дәстүрлерден хабардар болады. Қазіргі кезде мектеп өмірінде “соңғы қоңырау” немесе түлектерді шығарып салу рәсімдері тоқымқағар сипатына ие. Осы арқылы ұлттық дәстүрдің элементтері жаңа үлгіде жалғасын тауып, оқушылардың сана-сезіміне ене береді.

Бәсіре – баланың еншісіне ата-анасы немесе туған-туысы арнайы атаған жас төл не мал. Семантикалық тұрғыдан бұл сөз “балаға тиесілі өз малы” дегенді білдіреді. Әдетте, ұл бала ашамайға (балаларға арналған ер-тоқымның қарапайым түрі) мінер жасқа жеткенде, әкесі оған тай немесе құлын атап, бәсіре деп жариялайды. Бай отбасылар баласын ашамайға мінгізерде арнайы тай атайды, ал жағдайы төмендері қолындағы биесінің келер жылы туатын құлынын алдын ала баласына бағыштайды. Қыз балаларға да бұзау, құлын немесе қозы атау дәстүрі болған. Сонымен, бәсіре ұғымы – “баланың өз малы, алғаш меншіктенген тірі еншісі” деген мағынаны қамтиды [13].

Бәсіре дәстүрі ассоциативті түрде ер жету, азамат болу, еңбекке баулу ұғымдарымен тығыз байланысты. Қазақ үшін “ат жалын тартып міну” – азаматтықтың

бастамасы саналған, сондықтан баланың өз малының болуы оның есейгенінің белгісі. Бәсіре атағанда әкесі баласына “малдың басы – бәсірең, құтты болсын” деп ақ батасын береді [13]. Бұл – бай бол, малға шығын келтірме деген тілек. Бала үшін бәсіре тайы немесе қозысы – ең қымбат байлық. Ол ассоциативті түрде сенім, мақтаныш, жауапкершілік сезімдерін оятады. Мысалы, ауыл балалары өз бәсірелерін таласып көрсетіп, қайсының тайы жүйрік, қозысы тез өсіп келеді деп мақтанады. Бәсірелі болған бала өзін шағын шаруа иесі санап, еңбекқорлыққа бейімделеді.

Оқушыларға түсінікті болуы үшін «әңгіме және иллюстрация» әдісін пайдалануға болады. Мұғалім бәсіре туралы шағын қызықты әңгіме дайындайды. Мысалы, бұрынғы заманда атасы сүйінші хабар естіп, немересіне құлыншақ сыйлағаны жөнінде баяндайды. Әңгіме барысында суреттер көрсетеді: құлынның суреті, тай таңдаған ата мен бала бейнесі, т.с.с. Бейнелі баяндау оқушыларды баурап алып, жаңа сөздің мәнін аша түседі.

Байғазы – баланың жаңа зат, киім алғанда үлкендердің арнайы беретін сыйлығы. Семантикалық тұрғыда бұл сөз «жаңа киімнің құрметіне берілетін сый-кәде» дегенді білдіреді [14]. Байғазы, негізінен, балалар мен жасөспірімдерге тән: олар алғаш рет жаңа киім кесе немесе ойыншық, бұйым алса, аға-жеңгелеріне, туған-туыстарына “байғазыңызды беріңіз” деп қолқа салады. Үлкендер ризашылықпен қолына ақша ұстатады, не құлын-лақ сияқты малдың төлі түрінде сый береді. Байғазы беру – сол жаңа дүниенің құтты болуына арналған ырым, әрі балаға қуаныш сыйлау ғұрпы. Байғазы сөзімен қуаныш, сүйінші, құттықтау ұғымдары ұштасып жатады. Бұл дәстүр қазақтағы көрімдік пен сүйінші ырымдарына жақын, бірақ өз ерекшелігі бар. Байғазы – жансыз затқа, әсіресе баланың алғаш киген киіміне, алған заттарына байланысты айтылатын сый. Ассоциативті түрде жаңа заттың құны, баланың шаттығы, ізгі тілек сияқты ұғымдарды ойға әкеледі. Балалар да бір-бірінен “байғазың не болды?” деп сұрап, сол сыйлықты қызықтайды [9]. Бұл – бірге қуану мен бөлісу мәдениетінің көрінісі. Байғазы берген адам міндетті түрде құтты болсын, өсіп кет, ұзағынан ки деген тілек қосады. Сол себепті бұл сөз естілгенде, көз алдымызға бал-бұл жанған бала жүзі мен үлкендердің мейірімі қатар елестейді.

Бұл лексеманы оқушыларға түсіндіру барысында ұқсас ұғымдармен салыстыру әдісін қолданған тиімді. Мәселен, Байғазыны көрімдікпен салыстыру. Мысалы, көрімдік – адамға (нәрестеге, келінге) беріледі, ал байғазы – көбіне жансыз затқа (киім, бұйым) қатысты. Оқушыларға шағын кесте толтыртуға болады: бір бағанға «көрімдік», екіншісіне «байғазы» деп, қай кезде, кімге берілетінін жазсын. Салыстыра отырып, байғазының өзіндік орны бар екенін ұғынып алады.

Итқұйрық – дәстүрлі ою-өрнек атауы. Сөзбе-сөз мағынасы «иттің қайқы құйрығына ұқсайтын ою». Бұл ою көбіне сүйек пен ағаш бұйымдарда, киіз үйдің есік жақтауында, төсек жақтауларында бейнеленген. Итқұйрық оюының элементтері иттің бұйраланған құйрығын елестетеді. Семантикалық кеңістігінде ол «қорғаушы таңба» деген ұғымды да қамтиды [14]. Өйткені итқұйрық – тек бейне ғана емес, үйді сыртқы жағымсыз күштерден қорғайтын символ ретінде де қарастырылған. Ит – қазақ танымында жеті қазынаның бірі, адамның досы. Сол себепті итқұйрық оюы достық пен адалдықтың, жақындықтың символы ретінде көрінеді. Халық түсінігінде ит үй иесімен алысқа ұзап кетпей, үй маңында болатын жануар. Осыдан келіп итқұйрық ауыларалық татулықты, туыстық жақын қатынасты білдіреді деп санаған. Сонымен қатар бұл оюда жақсылық пен тілек мәні бар: итқұйрық оюын көргенде, адамға тек ізгі ниет пен жылы шырай сезіледі деп ырымдалған. Яғни, итқұйрық ассоциациясы – «үйіңе жақсылық ұяласын, босағаң берік болсын» дегенге саяды.

Ежелден оюшылар бұл өрнекті киіз үйдің есігіне, қасбетіне түсірген, төсектің алдыңғы жағын әшекейлеген. Мұндағы мақсат – үйге кірген жан итқұйрық белгісін көріп

өзін қауіпсіз, жылы ортада сезінуі. Балаларға да бұл оюдың мағынасын түсіндіріп отырған: «итқұйрық салынған жерде береке болады» деп, ою-өрнекке құрметпен қарауды үйреткен [15]. Қорғаныштық мәніне байланысты итқұйрық оюы бала төсеніштері мен бесік жабдықтарында да пайдаланылған. Бала санасында бұл белгі арқылы достық, татулық және қамқорлық ұғымдары бекіген. Қазіргі дизайнда итқұйрық оюы ұлттық нақыш ретінде қолданылып, өскелең ұрпақтың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыруда.

«Жағдаятты көзбен көру» тәсілін пайдаланып, балаларға осы дәстүрді видео немесе мультфильм арқылы көрсету естерінде қаларлықтай болар еді. Қазіргі кезде ұлттық салттарды көрсететін бейнероликтер бар, солардан «ит көйлек пен итқұйрық» туралы үзінді тамашалату – балалардың қызығушылығын оятады.

Жоғарыда талданған *ақ үй, қара қазан, ерулік, тоқымқағар, бәсіре, байғазы, итқұйрық* секілді этнолексемалар – қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының тілдегі көрінісі. Әрқайсысының семантикалық құрылымы терең, мәдени ассоциациясы бай және балалардың ұлттық сана-сезіміне оң ықпал ететін прагматикалық қызметі бар. Ғылыми-зерттеулер мен озық тәжірибелер көрсетіп отырғандай, ұлттық салт-дәстүрлерді осылайша оқу үдерісіне енгізу оқушылардың тілдік құзыреттілігі мен мәдени танымын қатар дамытады. Әр лексеманы жеке сценариймен, шығармашылық тапсырмалармен ұсыну – оның мағынасын бала санасында терең орнықтырады. Сонымен бірге, заманауи визуалды және интерактивті құралдарды тарту оқушылардың ынтасын арттырып, оқу тиімділігін жоғарылатады. Тіл арқылы жеткізілетін мұндай дәстүрлер мен ұғымдар жас буынды өз халқының құндылықтарына жақын өсіреді. Ғалымдар атап көрсеткендей, этнолингвистикалық мазмұнды білу этносты терең тануға жол ашады, ал төл дәстүрді бойына сіңіріп өскен ұрпақ рухани мықты болып қалыптасады.

Қорытынды. Көптілді ортада өсіп келе жатқан монотілді қазақ балаларының тілдік дамуы мен мәдени танымының қалыптасуында ұлттық-мәдени лексика – этнолексика – маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада қарастырылған *ақ үй, қара қазан, ерулік, тоқымқағар, бәсіре, байғазы, итқұйрық* сынды этнолексемалар қазақ халқының дүниетанымдық бағдарын, тарихи жады мен өмір салтына тән құндылықтарын бойына жинақтаған тілдік бірліктер ретінде сараланды.

Мақалада талданған этномәдени атаулардың әрқайсысы балалардың тұлғалық дамуына оң ықпал ететін тәрбиелік мазмұнға ие. Мәселен, қазақ дәстүріндегі ерулік – жаңа көшіп келген көршіні қонаққа шақырып, арнайы дастарқан жаю рәсімі – қауымдастықты біріктіріп, жаңа ортаға бейімделуге жәрдемдесетін ғұрып. Ерулік кезінде үлкендер көршілерге сый-құрмет көрсетіп, жақын қарым-қатынас орнатады, бұл өз кезегінде жас өскінге қонақжайлық, көпшілдік сияқты қасиеттерді дарытады. Ал ата-бабамыз балаға алғашқы мінер атын атау арқылы жүзеге асыратын бәсіре және бала жаңа киім не бұйым алғанда берілетін сый байғазы дәстүрлері арқылы жеткіншекке еңбекқорлық, өз жетістігіне мақтану, үлкеннің қолдауына сүйену сынды тәрбиелік ұстанымдар сіңірілген. Мысалы, бәсіре тайын бала ерекше күтіп-баптап, өзіне сеніп тапсырылған мал арқылы жауапкершілікті үйренген; бұл – баланы ынталандырып, өмірге бейімдеудің атадан келе жатқан бір әдісі. Дәл сол сияқты, байғазы сұраған балаға ересектердің кідірмей сыйлық ұсынуы баланың көңілін көтеріп, жетістігін құрметтеудің белгісі ретінде оның ынта-ықыласын арттырған. Ақ үй мен қара қазан ұғымдары да жас ұрпақ санасында береке-бірлік, қонақжайлық пен отбасы құндылығының символы ретінде орныққан. Қазақ халқы қазанды киелі санап, оны отбасының қасиетті қазығы деп қастерлегені белгілі; сөйтіп қара қазан мен қара шаңырақ атаулары ұрпақ continuity символына айналды. Ал тұрмыста кең қолданылған итқұйрық өрнегі жақындық пен

жақсы ниеттің бейнесі ретінде танылып, қолөнер арқылы балаға көркемдік талғам мен достықтың қадірі туралы ұғым беретін. Бұл атаулардың барлығы күнделікті тіршілікте балаға үлгі-өнеге көрсетудің жасырын тетіктері қызметін атқарғанын көруге болады.

Жүргізілген семантикалық, ассоциативтік және прагматикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, аталған лексемалар – көпқабатты мазмұнға ие күрделі мәдени концептілер. Әрбір атаудың негізгі мағынасына қоса, халық санасында орныққан астарлы ұғымдары бар және олар түрлі тілдік қолданыстар (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар) арқылы кең өріс алып отыр. Мысалы, қара қазан жай материалдық зат атауы болудан асып, лингвомәдени концепт деңгейіне көтерілгені белгілі. Оның маңайында қалыптасқан “қазан асу”, “қазаны ортаймау”, “қазанын сындыру” сияқты тұрақты тіркестер тұтас бір этностың мәдени-ұлттық көзқарастарын тілдік таңбалар арқылы бейнелейді. Сол сияқты ақ үй сөзі жайылымдағы киіз үй түрін білдірумен қатар, қазақтың дәстүрлі қонақ күту мәдениетінің кодын танытады; ерулік сөзі қауымдастық пен өзара қолдаудың символына айналған; бәсіре – баланы еңбексүйгіштікке баулудың, байғазы – ынталандыру мен жомарттықтың, тоқымқағар – жолашар қуаныш пен тілекшілдіктің нышаны. Бейнелеп айтқанда, осы этнолексиканың әрбірі – халқымыздың өмір салты мен дүниетанымының тілдегі таңбасы, ұлттық рухани мәдениеттің қысқаша энциклопедиясы іспеттес. Этнопедагогика тұрғысынан алғанда, мұндай тілдік бірліктер – халықтық тәрбие құралдары, ұлттың тарихи тәжірибесін келер ұрпаққа жеткізуші мәдени код элементтері. Салт-дәстүрге бай ана тіліміздің дәл осындай қазыналы сөздік қоры арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие сіңіп, олардың тілдік тұлғасы қалыптасады. Демек, этнолексика – ұлттың рухани жады мен мәдени генетикалық жадын сақтайтын аса құнды қазына. Оны өскелең ұрпаққа меңгерту арқылы көптілді ортаның әсеріндегі балалардың бойында төл мәдениетке негізделген тілі мен дүниетанымы қалыптасып, ұлттық болмысы нығаяды.

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (АР26103905).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсынұлы, А. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар [Текст] / А. Байтұрсынұлы // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2013. – Т. 6. – 384 б.

2 Соссюр де, Ф. Курс общей лингвистики [Текст] / Ф. де Соссюр. – Изд. 2-е, стереотип. – М., 2004. – 103 с.

3 Сепир, Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии [Текст] / Э. Сепир; пер. с англ.; общ. ред. и вступ. ст. А. Е. Кибрика. – М.: Издательская группа «Прогресс»; «Универс», 1993. – 656 с. – (Филологи мира).

4 Гумбольдт, В. фон. Характер языка и характер народа [Текст] / В. фон Гумбольдт // Язык и философия культуры. – М., 1985. – 389 с.

5 Вайсгербер, Л. О силах немецкого языка (Von den Kräften der deutschen Sprache) [Текст] / Л. Вайсгербер; пер. с нем., вступ. ст. и коммент. О. А. Радченко // Родной язык и формирование духа. – М., 2004. – 229 с.

6 Қайдар, Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері [Текст] / Ә. Қайдар. – Алматы: Ана тілі, 2006.

7 Жанпейісов, Е. Этнолингвистикалық зерттеулер [Текст] / Е. Жанпейісов. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

- 8 Сыздық, Р. Сөз құдіреті [Текст] / Р. Сыздық. – Алматы : Санат, 1997.
- 9 Уәли, Н. Таным мен тағылым : ғылыми мақалалар мен зерттеулер жинағы [Текст] / Н. Уәли. – Алматы : Қазақ университеті, 2005. – 272 б.
- 10 Кәмәләшұлы, Б. Қазақтың салт-дәстүрлері [Текст] / Б. Кәмәләшұлы. – Алматы : Өнер, 2006. – 152 б.
- 11 Сейсенова, Қ. Қ. Қазақ тіліндегі этнолингвистикалық атаулар: семантика және прагматика [Текст] / Қ. Қ. Сейсенова. – Алматы : Қазақ университеті, 2012.
- 12 Манкеева, Ж. Қазақ мәдениеті тілдік кеңістікте [Текст] / Ж. Манкеева. – Алматы: Ғылым, 2004.
- 13 Кенжеахметұлы, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен ғұрыптары [Текст] / С. Кенжеахметұлы. – Алматы: Ана тілі, 1994.
- 14 Қазақ этнографиялық энциклопедиясы [Текст]. – Алматы : Арыс, 2001.
- 15 Әлімғазы, Д. Жеті қазына: Қазақ дәстүрлерінің құндылығы [Текст] / Д. Әлімғазы. – Алматы, 2019.

REFERENCES

- 1 Baitursynuly, A. Maqalalar, hattar, A. Baitursynuly turaly qujattar men materialdar [Articles, Letters, Documents and Materials about A. Baitursynuly]. Almaty: Elshezhire, (2013): 384 b. – (In Kaz)
- 2 Sosyur de, F. Kurs obshchei lingvistiki [Course in General Linguistics]. Moscow, (2004): 103 s. – (In Rus)
- 3 Scpir, E. Izbrannyc trudy po yazykoznaniyu i kul'turologii [Selected Works on Linguistics and Cultural Studies]. Moscow: Progress; Univers, (1993): 656 s. – (In Rus)
- 4 Gumbol'dt, V. fon. Harakter yazyka i harakter naroda [The Character of Language and the Character of a People]. Moscow, (1985): 389 s. – (In Rus)
- 5 Vaisgerber, L. O silah nemeckogo yazyka (Von den Kräften der deutschen Sprache) [On the Forces of the German Language]. Moscow, (2004): 229 s. – (In Rus)
- 6 Kaidar, A. Kazakh tilinin ozekti maseleleri [Topical Issues of the Kazakh Language]. Almaty: Ana tili, (2006). – (In Kaz)
- 7 Zhanpeisov, E. Etnolingvistikalyk zertteuler [Ethnolinguistic Studies]. Almaty: Kazakh universiteti, (2001). – (In Kaz)
- 8 Syzdyk, R. Soz kudireti [The Power of the Word]. Almaty: Sanat, (1997). – (In Kaz)
- 9 Uali, N. Tanyim men tagylym: gylymi makalalar men zertteuler zhinagy [Cognition and Education: Collection of Scientific Articles and Studies]. Almaty: Kazakh universiteti, (2005): 272 b. – (In Kaz)
- 10 Kamalashuly, B. Kazakhtyn salt-dasturleri [Kazakh Traditions and Customs]. Almaty: Oner, (2006): 152 b. – (In Kaz)
- 11 Seisenova, K. K. Kazakh tilindegi etnolingvistikalyk ataular: semantika zhane pragmatika [Ethnolinguistic Terms in the Kazakh Language: Semantics and Pragmatics]. Almaty: Kazakh universiteti, (2012). – (In Kaz)
- 12 Mankeeva, Zh. Kazakh madenieti tildik kenistikte [Kazakh Culture in the Linguistic Space]. Almaty: Gylym, (2004). – (In Kaz)
- 13 Kenzheakhmetuly, S. Kazakhtyn salt-dasturleri men guryptary [Kazakh Traditions and Rituals]. Almaty: Ana tili, (1994). – (In Kaz)
- 14 Kazakh etnografiyalyk enciklopediyasy [Kazakh Ethnographic Encyclopedia]. Almaty: Arys, (2001). – (In Kaz)
- 15 Alimgazy, D. Jeti kazyna: Kazakh dastyrlerinin kundylygy [Seven Treasures: The Value of Kazakh Traditions]. Almaty, (2019). – (In Kaz)